

Н. А. Бекбалакова, А. С. Ержанова, Г. Е. Оспанова

## ШЕТЕЛ МЕДИК-СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ КӨРНЕКІЛІК ӘДІСТЕРІ

Қарағанды медицина университеті (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада шетел тілі ретінде қазақ тілін оқытуда қолданылатын көрнекі оқу әдістері қарастырылған. Сонымен қатар мақала авторлары негізгі ережелерді анықтау барысында пәндік-бейнелеу көрнекі әдістерін пайдалану қажеттігін ескерген. Шетелдік студенттермен сабақ барысында сөйлеу қабілетін қалыптастыруға бағытталған инфографика қолдануының дидактикалық және функционалдық әлеуетіне ерекше назар аударылған. Авторлар шет тілі ретінде қазақ тілі сабағында көрнекіліктің базалық дидактикалық қағидатын іске асыру аясында инфографика лингвоәдістемелік әлеуетін оқытудың маңыздылығын түсіндіреді. Мақалада көрнекі әдістемелер мен инфографиканың шетелдік студенттердің сөйлеу тәжірибесіне зор ықпалы бар екендігі жайлы мысалдар келтірілген. Тіл үйренуде ынтасын арттыруда таптырмас құрал болып табылатын мұндай әдістемелердің артықшылықтарының арасында бірегейлік айшықталып, дайын материалдардың алдын-ала бейімделусіз пайдалану мүмкіндігі тағы айтылған. Мұндай құралдардың ішінде ерекше бірегейлік, дайын материалдарды алдын-ала бейімдемей қолдану, сонымен қатар тіл үйренуде ынтасын арттыру құралы болып табылатыны анық.

*Кілт сөздер:* көрнекі әдістер, қазақ тілі шет тілі ретінде, инфографика, мотивация, коммуникативтік дағдылар

Оқытудың көрнекіліктер әдістемесі ретінде әдіскерлер «сабақта белгілі бір заттарды және қоршаған орта құбылыстарын немесе арнайы образдарды (көрнекілік құралдарды) түсінікті, есте сақтауды жеңілдету үшін көрсететін жалпы дидактикалық оқыту әдістерін, сондай-ақ көрнекі құралдарды тәжірибеде қолдануды түсінеді» [1].

Қашықтықтан оқыту формасы жанданған жағдайда көрнекіліктер әдісі неғұрлым көп сұранысқа ие және тиімді болып отыр.

Медициналық университеттің студенттеріне шет тілі ретінде қазақ тілін оқыту А1 деңгейіне шоғырландырылған. Осы деңгейде барлық грамматикалық және коммуникативтік дағдылар мен ептіліктер қалыптасады. Бірінші оқу жылында студенттер жаңа өмірге бейімделуге және өзге тілде сөйлеу қажеттілігіне байланысты көптеген қиыншылықтарға тап болады. Сондықтан, типтік бағдарламаға сәйкес бірінші курс соңында аяқталатын қазақ тілін оқытуда қарқындалу мақсатында көрнекілік әдістерін қолдану өзекті болатыны айқын.

Көрнекілік әдісі принциптеріне сәйкес студенттердің тілді игеруі белгілі бір жақын образдарды қабылдауына құрылатынын нақты айтып өтуге болады. Көрнекілік әдісі тілдік дағдылар мен ептіліктерді қалыптастырудағы нақты және абстрактылық арасындағы байланыстарды қамтамасыз етеді. Көрнекілікті пайдалану арқылы түсіндіріліп жатқан материалды студенттердің түсінуіне, игеруіне және тілдік қатынас барысында қолдануына көмек көрсетіледі. Көрнекілік арқылы түсіндірілетін материал сезім арқылы қабылдауға максималды жақындатылады және оқып отырған материал-

ды дұрыс қабылдап түсінуге, сонымен бірге тиісті тілдік дағдылар мен ептіліктерін дамытуға көмектеседі.

Оқытушы көрнекілік материалдарды оқу процесіне қосу арқылы студенттердің бойына білім қорын қалыптастырады, ол мәдени аралық коммуникация барысында өте маңызды. Көрнекілік тілдік қатынастағы әлеуметтік мәдени стереотиптерді құруға және қазақтың коммуникативтік мінезін игеруге, тілдік жағдаяттар аясын игеруге көмектеседі. Шетел студенттері қазақ мәдениеті, қазақ халқының өмірі туралы түсініктерін арттырып, осы тұрғыдан өзінің ұлттық мәдениет ерекшелігі мен бірегейлігін түсінеді.

Көрнекілік принципі танымдылық болмысына сүйенеді. Көрнекілік құралы көмегімен объект құру, қабылдау, қиял және ойлау процестерін тудырады [3]. Студент сезім арқылы қабылдаған образдарын теориялық түсінікпен байланыстыру керек, бұл белсенді ойлау жұмыстарын талап етеді. Көрнекілікті пайдаланудың құндылығы ерекше, себебі «...қабылдаудың көру, артикуляциялық, акустикалық каналдарын және қабылдаған ақпаратты ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді» [2]. Е. И. Пассов «...білім, ептілік және дағды білім берудің негізі деп санаған (мақсаты да сол); ал білім берудің мазмұны мәдениет болып табылады. Сондықтан шет тілінде білім беру әдеттегі білім беруге қарағанда кең, бай және маңызды деп саналады» [4].

Білім берудің көрнекілік құралдары екі топқа бөлінеді. Бірінші топ иллюстрация әдістері: оқушыларға иллюстративтік құралдар көрсету (плакаттар, карталар, тақтадағы сурет-

тер, портреттер және т. Б.), екінші топтағы – демонстрация әдістері. Демонстрация әдістері кинофильмдер, мультфильмдер, компьютер мен интернет мүмкіндіктерін пайдаланумен байланысты.

Шет тілін оқытуда қалыптасып қалған көрнекіліктерді студенттің білім деңгейіне сәйкес пайдалану әдісіне көңіл бөлейік. А1 деңгейінде картинадағы, сызбадағы статикалық бейнелер пайдаланылады. Келесі кезеңдерде динамикалық бейнелер пайдаланылады. Э. Г. Азимов, А. Н. Щукиннің ойынша «көрнекілікпен оқыту әдісінің ерекшелігі көзбен көргенін сөзбен байланыстыру. Тіл сабақтарында көрнекілік әдістемелер оқытудың тікелей және аралас әдістерін пайдалану ретін көрсетеді, сондай-ақ көру, есту кезеңдеріндегі алған білімді нақтылау мен бекітуді және білімді жандандыру барысындағы реттілікті көрсетеді» [1].

Көрнекілік студенттердің қазақ тілін шет тілі ретінде оқу барысындағы психикалық белсенділігін жандандыру құралы болып табылады. Көрнекілік құралдарды оқу процесіне қолдану барысында жаңашылдық элементі енгізіледі, сабаққа деген қызығушылықтары артады, еріксіз есте сақтау мүмкіндіктері және игерілетін материал көлемі артады.

Қазақ тілін шет тілі ретінде А1 деңгейінде оқытудағы көрнекілік формаларының бірі – инфографика. Инфографика мәліметтер мен білім берудегі графикалық әдіс болып табылады. Инфографиканың мақсаты – ақпаратты тез және нақты түсіндіру. Инфографика негізі ақпараттық, аналитикалық, конструктивтік, адаптивтік (беймделгіш), экспрессивтік, эстетикалық болып табылады. Инфографика ақпаратты болуы керек. Ақпарат тез оқылатын және түсінікті болуы керек, сонымен қатар ақпарат екі ұшты болмауы керек. Қандай да бір инфографиканың коммуникативтік бағыты болады. Ол оқып түсіну үшін құрылады. Осыдан біз ақпараттың дәстүрлі мәтін сипаты бар екенін айта аламыз.

Инфографиканың маңыздылығы – ол тек ақпаратты беріп қана қоймай, студентке оны интерпретациялауға мүмкіндік береді, сөздік қорын кеңейтеді, коммуникативтік дағдыларын тереңдетеді.


Оқытушылар көбіне бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынылған дайын инфографиканы пайдаланады. Оны студенттердің қабылдауы аутентикалық мәтінмен жұмыс істегендей сипатталады. Оқу мақсатында аутентикалық мәтін нақты коммуникация өнімі ретінде құрылмайды, олар бастапқыдан сол тілде сөй-

леушілерге арналып, мақсаты білім беру емес, тек өз нақты қызметін атқару үшін жасалады. Яғни, инфографика аутентикалық мәтін ретінде елдің әлеуметтік, мәдени, саяси өмірін көрсетеді және мәдениетаралық құзыретті қалыптастыруға ықпал етеді.

Аутентикалық мәтіннің артықшылықтары – ол оқушының қызығушылығын тудырады, себебі ол үнемі өзекті тақырыптарға құрылады. Осы сипаттағы мәтіндер тілдің сол тілде сөйлейтін адам сөзінде көрініс табуын көрсетеді, табиғи әлеуметтік контексте әрекет етуін көрсетеді, оқушыларды тілді аутентикалық тілдік ортаны қабылдауға үйретеді. Алайда, инфографикамен берілген аутентикалық мәтіннің бірнеше кемшіліктері болуы мүмкін. Мысалы, оның өзі оқып жатқан тақырып аясынан шығып тілді игеру деңгейінде қол жеткізген лексикалық және грамматикалық бірліктерді пайдалануын көрсетеді. Осыған байланысты инфографикамен жұмыс істеу барысында студенттің зейіні таныс емес күрделі лексиканы есте сақтауына шоғырланбағанын айта кету керек. Ол бірінші кезекте әдемі слайдқа салынған ақпаратты қабылдайды. Қабылданған ақпаратты қазақ тіліне вербализациялау қажеттігі студенттің ақпаратты визуалды қабылдаудан бас тартуын туғызбайды. Аталған жағдайда жаңа лексикамен танысу барысында тілдік болжам құрады. Әдіскерлердің ойынша, шет тілін үйреніп жатқан әрбір адамның таныс емес сөздердің мағынасын тану, түсіну қабілеті бар. Осы қабілет компенсаторлық қызмет ретінде анықталады. Қазақ тілі сабақтарында шетел студенттерінің инфографиканы пайдалануы тілдік болжам жасауға мүмкіндік береді. Тапсырмаға сөйлем мүшелері мен әр түрлі лексика-грамматикалық, сан мен сөзді анықтау түріндегі жаттығулар кіреді.

Инфографиканы оқу құралы ретінде бағалау критерийлері инфографиканың сабақтың лексика-грамматикалық тақырыпқа қажетті мәтін көлеміне сәйкестігі болып табылады, сондай-ақ мұның бәрі оқушылардың қызығушылықтарын оятуы керек. Осымен қатар инфографикада студенттерге қиын болатын тиісті сараптама жасауға және жаңа материалды игеруге бағыттайтын лексико-грамматикалық элементтер болуы керек. Инфографика студенттердің лингвоелтану біліміне сәйкес дискуссия құруға тартады және осы деңгейде дискуссия элементтерін салыстыруға қызықтырады.

Жоғарыда аталған талаптар студенттерге біз ұсынып отырған Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлік жас туралы инфографикаға сәйкес келеді.



1 сурет – Қазақстандағы зейнеткерлік жас [5]

Дайындық кезеңінде оқушыларға ата-аналары, әжесі, атасы, ағалары, әпкелерінің жасы нешеде деп және ағасы әпкесінен неше жас үлкен деген сұрақтар қойып, сол арқылы лексикалық және грамматикалық тақырыптарды қайталауға болады.

Келесі кезеңде студенттерге инфографика таныстырылады және сұрақтар қояды, бұл сұрақтар оқушыларға ақпаратты оқып оны түсінуге мүмкіндік береді: «Сіз қалай ойлайсыз, аталған кестеде не бейнеленген? Қай ел туралы сөз болып отыр? Цифрлардың мәні неде? Адам өмірінің қай оқиғасын айта аласыз? Ол адам өміріндегі маңызды оқиға ма? Неге олай деп ойлайсыз? Елдегі зейнеткерлік жас қандай? Ата-анаңыздың қайсысы зейнеткер? Сіз зейнет жасында не істейтін боласыз?» деген сұрақтар қою керек. Осы кезеңде сту-

денттердің «Отбасы», «Өмірбаян», «Айлар» басқа да тақырыптарын қайталап инфографиканы пайдалана отырып жаңа лексикалық бірліктерді түсіндіруге болады, мысалы: орташа статистикалық қазақстандық жас, зейнеткерлік жас, қарт адам; зейнеткерлікке шығу (қашан? Қай жаста?); грамматикалық категориялар – сан есім, зат есім.

Сонымен қатар, инфографика проблемалық мәселелерді талқылауда база болады, мысалы: «Біздің елімізде қарт адамдар қалай өмір сүреді? Біздің елімізде ер адам қанша жаста зейнеткерлікке шығады? Елімізде зейнеткерлік жасын ұлғайту мәселесі талқыланып жатыр ма?».

Аталған инфографика «Сан есім» тақырыбымен жұмыс істеуге көп материал береді. Жаттығу барысында қазақ тіліндегі сан есімге

қойылатын сұрақтар пайдаланылады: «Қазақстан мен Үндістандағы ер адамдар мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығындағы айырмашылық қандай?», «Медицинаның тұрғысынан алғанда адам қай жасқа дейін жұмыс істеуі керек?», «Қазақстанда және Үндістандағы зейнеткерлік жас қанша болуы керек?».

Инфографиканы пайдалану сабақтағы барлық тапсырмалар арқылы тілдік қызметті дамытуға мүмкіндік береді. Жазу тапсырмасына мыналарды пайдалануға болады:

- Жылды көрсететін цифрды сөзбен ауыстырып жазыңыз;
- Кестенің оң жақ бағанындағы ай санын көрсететін сандарды сөзбен жазыңыз;
- Сөз тіркесін септіктермен реті бойынша жазыңыз: 1 қаңтар, 58 жас, санды сөзбен жазыңыз.

- Инфографикадаға ақпаратты пайдаланып мәтіндегі түсіп қалған сөзді жазыңыз, мәтіндегі түсіп қалған сөздерді толықтырыңыз.

Сөйлеу тапсырмаларына сұраққа жауаптар кіреді:

- Инфографикамен жұмыс істеугенде қай ақпарат сіз үшін күтпеген ақпарат болып саналады?
- Қазақстан орташа өмір сүру ұзақтығын арттыра алады деп ойлайсыз ба?
- Қазақстанда зейнеткерлер өмірін жақсарту үшін медицина қандай рөл атқаруы керек деп ойлайсыз?

Тапсырмалар лексика-грамматикалық дағдыларды арттыруға және оқу, сөйлеу және мәтінді оқып түсіну дағдыларын арттыруға бағытталуы керек.



2 сурет – Басқа мемлекеттердегі зейнеткерлік жас [6]

Инфографика студенттердің оқу тілінде болуы мүмкін. Онда студент сыртқы тілге шықпай-ақ ақпаратты ағылшын тілінде түсініп оқи алатын болды. Содан кейін студент инфографикадағы ақпаратты өз тобына ағылшын тілінде жеткізеді. Ақпарат вербализацияланады. Оқытушы үшін одан арғы вербализация қазақ тілінде болуы керек. Ақпаратты осылай вербализациялау аудармаға жақын. Алайда, қазақ тілін шет тілі ретінде А1 деңгейінде жүргізу толыққанды аударманы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Демек, бұл жерде лексикалық базаны құрып, оны қатыстыру және бекіту

туралы, вербализацияланған мәтіннің грамматикалық ерекшеліктері және синтаксистік конструкциялары туралы сөз болып отыр. Зат есім санын қолдану ептілігі жаттықтырылады: ер адамға қатысты сөздер, әйел адамға қатысты сөздердің қолданылуы, септік жалғауын қолдану жаттықтырылады: Америкада, Англияда, Германияда сөздері қолданылады. Студенттер дағдыларын сұқбаттық сөзбен бекітеді, қайда? Қашан? Қанша сұрақтары арқылы сұраулы сөз құруға жаттығады.

Инфографиканы пайдалану барысында көрнекілік құрал вербализацияланған мәтін-

дерді пайдалануға болады. Мысалы, аталған тақырыппен жұмыс істеу барысында өмірдегі өзекті мәселелер туралы айтқанда (зейнеткерлік жас, қаржы құралы) сөз барысында бағалау туралы сөз көп болады деп болжауға болады, яғни студенттің (аталған салада тәжірибесіз болса да) ауызекі-тұрмыстық сөздермен аталған стильмен бағалауы және көзқарастарымен алмасуы басым болады. Егер де оқытушы қандай да бір нақты тақырыпты инфографиканы көру арқылы сипаттап беруді ұсынса (ауызша және жазбаша) онда мәтін сипаттау түрінде болады, белсенділік студенттің тілдік құзырына тәуелді болады. Сипаттау барысында комментарийлер мен талқылау сөздері де қосылуы да және хабарлы сөз де қолданылуы мүмкін. Сонымен, инфографиканы вербализациялау барысындағы мәтін тақырыпқа байланысты әр түрлі болуы мүмкін, олар қарым-қатынас жағдайы мен сөйлеушінің интенциясына (ниетіне) байланысты болады.

Сонымен, қазіргі заманғы көрнекілік әдістері жоғары мектептің дидактикасының маңызды компоненті болып табылады. Оның дамуы жоғары оқу орындарындағы білім беруді жетілдірудің өзекті бағыты болып табылады. Көрнекі құралдарды қазіргі заманғы білім берудің өзекті әдістемесіне сүйене отырып жетілдіру – студенттердің білім алу ақпаратын жақсы игеруіне ықпал етеді. Визуалдық ақпарат мәтінге қарағанда жақсы қабылданып, тез игерілетінін ескере отырып қазіргі заманғы көрнекілік құралдарын дамыту өзекті міндет болып отыр. Әр түрлі көрнекіліктер мен техникалық құралдарды қазақ тілін оқытудың мазмұны мен білім беру жағдайына сәйкес дұрыс қолдана білу – аталған процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Көрнекілік негізінде жаңа тіл оқудың тиімділігі жоғары болады және ол оқу процесіне инфографиканы қосу арқылы нақтыланып отыр.

*N. A. Bekbalakova, A. S. Yerzhanova, G. Ye. Ospanova  
DESCRIPTIVE APPROACHES IN TEACHING KAZAKH LANGUAGE TO INTERNATIONAL MEDICAL STUDENTS  
Karaganda medical university (Karaganda, Kazakhstan)*

The present article is concerned with the descriptive tools used in the process of teaching Kazakh as a foreign language. The authors of the article define the main provisions that must be taken into account at the application the tools of representational use of visual methods as well. Special emphasis is given to the didactic and functional potential of using infographics in the classroom when working with international students focused on developing the speaking ability. The authors unlock the linguistic and methodological potential of infographics as a tool of teaching in the framework of the implementation the basic didactic principle of use of visual methods in the lessons of the Kazakh language as a foreign language. The article highlights the undeniable advantages of use of visual methods, including infographics, in teaching foreign students productive language activities. Among the advantages of such tools are authenticity, the ability to use ready-made materials without prior adaptation, and the fact that they are the means of increasing motivation to learn a language.

*Key words:* descriptive tools (approaches), Kazakh as a foreign language, infographics, motivation, communication skills

### ӘДЕБИЕТ

1 Азимов Э. Г. Әдістемелік терминдер мен түсініктердің жаңа сөздігі /Э. Г. Азимов, А. Н. Щукин. – М.: баспа ИКАР, 2009. – 448 б.

2 Балыхина Т. М. Орыс тілін өзге тіл (жаңа тіл) ретінде беру әдісі (жаңа): оқу құралы. – М.: РХДУ, 2010. – 188 б.

3 Бухаркина М. Ю. Білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы педагогикалық және ақпараттық технологиялар: Оқу құралы /М. Ю. Бухаркина, Е. С. Полат. – М.: Изд. «Академия» орталығы, 2010. – 368 б.

4 Пассов Е. И. Шет тілдік мәдениет шет тілінде білім беру ретінде / Орыс тілі әлемі. – 2001. – №3. – Б. 33-38.

5 <https://gender.stat.gov.kz/kk/category/8>

6 [http://fedoroff.net/publ/geography/geografiya/pensionnyj\\_vozrast\\_v\\_stranakh\\_mira/48-1](http://fedoroff.net/publ/geography/geografiya/pensionnyj_vozrast_v_stranakh_mira/48-1)

### REFERENCES

1 Azimov E. G. Әdistemelik terminder men tysinikterdin zhaңa sөzdigi /E. G. Azimov, A. N. Shchukin. – M.: baspa IKAR, 2009. – 448 b.

2 Balykhina T. M. Orys tilin өзge til (zhaңa til) retinde беру әdisi (zhaңa): оқu құraly. – M.: RKhDU, 2010. – 188 b.

3 Bukharkina M. Yu. Bilim беру zhyyesindegi қazirgi zamanғы pedagogikalық zhaңe aқparattyқ tekhnologiyalar: Оқu құraly /M. Yu. Bukharkina, E. S. Polat. – M.: Izd. «Akademiya» ortalyғы, 2010. – 368 b.

4 Passov E. I. Shet tildik мәdeniet shet tilinde bilim беру retinde / Orys tili әlemi. – 2001. – №3. – B. 33-38.

5 <https://gender.stat.gov.kz/kk/category/8>

6 [http://fedoroff.net/publ/geography/geografiya/pensionnyj\\_vozrast\\_v\\_stranakh\\_mira/48-1](http://fedoroff.net/publ/geography/geografiya/pensionnyj_vozrast_v_stranakh_mira/48-1)

Поступила 11.10.2020 г.

*Н. А. Бекбалакова, А. С. Ержанова, Г. Е. Оспанова*

*НАГЛЯДНЫЕ МЕТОДЫ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ-МЕДИКОВ*

*Карагандинский медицинский университет (Караганда, Казахстан)*

В статье рассматриваются наглядные средства, используемые в процессе преподавания казахского языка как иностранного. Также авторы статьи определяют основные положения, которые необходимо учитывать при использовании средств предметно-изобразительной наглядности. Особое внимание уделяется дидактическому и функциональному потенциалу использования инфографики на занятиях при работе с иностранными студентами, направленных на формирование умения говорения. Авторы раскрывают лингвометодический потенциал инфографики как средства обучения в рамках реализации базового дидактического принципа наглядности на уроках казахского языка как иностранного. В статье подчеркиваются неоспоримые преимущества наглядных средств, в том числе инфографики, при обучении студентов-иностранцев продуктивным видам речевой деятельности. Среди достоинств таких средств выделяются аутентичность, возможность использования готовых материалов без предварительной адаптации, также то, что они являются средством повышения мотивации к изучению языка.

*Ключевые слова:* наглядные методы, казахский язык как иностранный, инфографика, мотивация, коммуникативные навыки